ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1261349 , Күзет қызметтері (КӘСІПОРЫН ӨНДІРІСІН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕР) сатып алу бойынша Ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (11 У, 4553792) Күзет қызметтері

Тапсырыс беруші: "Kazakhstan Petrochemical Industries Inc." Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Ұйымдастырушы: "Kazakhstan Petrochemical Industries Inc." Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	11 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Күзет қызметтері, Күзетілетін ұйымның бірыңғай аумағында орналасқан өндірістік, әкімшілік, тұрмыстық нысандарды кешенді күзету қызметтерін қоса алғандағы, өндірістік нысандардағы күзет қызметтері (нысандарды/үй-жайларды/мүліктерді/адамдарды және сол сияқтыларды патрульдеу/күзету)
Қосымша сипаттама	КӘСІПОРЫН ӨНДІРІСІН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕР
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г Атырау, трасса Атырау-Доссор, строение 295
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2029 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

Бірыңғай күзетілетін аумақта орналасқан өндірістік, әкімшілік, тұрмыстық объектілерді кешенді күзету қызметтерін қоса алғанда, өндірістік объектілерде күзет қызметтерін (патрульдеу/объектілерді/үй-жайларды /мүлікті/адамдарды күзету және осыған ұқсас қызметтер) көрсетуге арналған

1. Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мазмұны**
ТЖҚ БНА коды	801012.000.000002
ТЖҚ атауы	Өндірістік объектілердегі күзет қызметтері (патрульдеу /объектілерді/үй-жайларды/мүлікті/адамдарды күзету және осыған ұқсас қызметтер)

Қосымша сипаттамасы	«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС объектілерін Интеграцияланған газ-химия кешені (ИГХК) аумағында тәулік бойы физикалық күзетуді, терроризмге қарсы қорғалуын, өткізу және объектішілік режимдерін қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсету, оның ішінде стационарлық күзет бекеттерін, бақылау-өткізу пункттерін, жедел ден қою топтарын, кинологиялық есептоптарды, аумақты патрульдеуді, материалдық құндылықтарды алып жүруді және Тапсырыс беруші мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуді қамтиды.

2. Сипаттамасы және қажетті функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

2.1. Қызмет көрсетудің мақсаты

№	Талап
2.1.1	Объектілерді, мүлікті, материалдық құндылықтарды, жұмыскерлерді және өзге де тұлғаларды заңсыз қол сұғушылықтан қорғауды қамтамасыз ету.
2.1.2	Белгіленген өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету.
2.1.3	Құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу, анықтау және жолын кесу.
2.1.4	Күзетке тапсырылған мүліктің сақталуын қамтамасыз ету.
2.1.5	Оқиғаларға, төтенше жағдайларға және қауіпсіздікке төнетін өзге де қатерлерге уақтылы ден қою.
2.1.6	Өз құзыреті шегінде Тапсырыс берушімен, құқық қорғау, арнайы және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау.
2.1.7	Барлық бұқаралық іс-шараларды (сайлау және т.б.) өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
2.1.8	ИГХК объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету.
2.1.9	Терроризм мен экстремизмнің алдын алу бойынша профилактикалық іс-шараларды жүргізу.

2.2. Күзетілетін объектілердің тізбесі. Жұмыс режимі. Күзет күштері мен құралдарына қажеттілікті есептеу

№	Талап
2.2.1	Мекенжайы: Атырау облысы, Атырау қаласы, Атырау–Доссор тас жолы, 295-құрылыс мекенжайында орналасқан «KPI Inc.» ЖШС объектілері.
2.2.2	Күзетілетін аумақтың жалпы ауданы 1 190 567 ш.м (119,06 га) құрайды.
2.2.3	Қызмет көрсету режимі: тәулік бойы, аптасына 7 күн, тәулігіне 24 сағат.
2.2.4	Күзет объектілерінің тізбесі, күзет бекеттерінің орналасуы және күзет күштерінің есебі №1 қосымшаға сәйкес айқындалады.
2.2.5	Бір ауысымдағы күзет қызметкерлерінің саны кемінде 27 адам болуы тиіс: супервайзер (ауысым бастығы) - 1 адам; бекеттік күзетшілер - 19 адам; жедел ден қоюдың мобильді топтары - 2 экипаж (4 адам); қызметтік иттері бар кинологиялық есептоптар - 3 адам. Күзет персоналы әрқайсысы 27 адамнан тұратын екі ауысыммен (күндізгі және түнгі) қызмет атқару қызметтерін көрсетеді.

2.3. Қызметтердің көлемі

№	Талап
2.3.1	Объектілерді тәулік бойы күзету.
2.3.2	Объектінің терроризмге қарсы және дронға қарсы қорғалуын қамтамасыз ету, оның ішінде күзетілетін аумақ пен іргелес аймақта ұшқышсыз ұшу аппараттарының рұқсатсыз қолданылуын анықтау, сәйкестендіру, сүйемелдеу және оған қарсы әрекет ету.
2.3.3	Мүлікті күзету.
2.3.4	ИГХК аумағын күзету.

2.3.5	Күзет бекеттерін ұйымдастыру.
2.3.6	Жаяу және автокөлікпен патрульдеу.
2.3.7	Объектіге және объект аумағына қолжетімділікті бақылау.
2.3.8	Автокөліктердің кіруі мен шығуын, материалдық құндылықтардың әкелінуі мен әкетілуін бақылау.
2.3.9	Оқиғаларға ден қою.
2.3.10	Қызметтік құжаттаманы жүргізу.
2.3.11	Инженерлік-техникалық күзет құралдарын бақылау.
2.3.12	Келушілерді алып жүру.
2.3.13	Материалдық құндылықтарды алып жүру.
2.3.14	Терроризмге қарсы жаттығулар мен нұсқамаларды өткізу.
2.3.15	Диспетчерлік мониторинг.

2.4. Қызмет көрсетуді ұйымдастыру

№	**Талап**
2.4.1	Персоналдың ауысымдық жұмысы Орындаушы бекіткен кестеге сәйкес жүзеге асырылады.
2.4.2	Орындаушының құзыреті шегінде құқық қорғау органдарымен, азаматтық қорғау бөлімшелерімен және медициналық қызметтермен өзара іс-қимылды ұйымдастыру.
2.4.3	Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау.
2.4.4	Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларын сақтау.

2.4.5	Қызметтерді шарт талаптарына және осы Техникалық сипаттамаға сәйкес көрсету.
2.4.6	Күзет бекеттерінде қызмет атқаруды тұрақты бақылау.
2.4.7	Қызметтердің үздіксіз көрсетілуін және объектілер күзетінің күшейтілуін қамтамасыз ету үшін резервтік персоналдың болуы.
2.4.8	Әрбір күзет қызметкері үшін аккумуляторлармен және зарядтау құрылғыларымен жабдықталған жарылыстан қорғалған резервтік радиостанциялардың болуы.

2.5. Күзет бекеттері

№	**Талап**
2.5.1	Стационарлық және бақылау-айналып шығу бекеттерін ұйымдастыру.
2.5.2	Байланыс құралдарымен жарақтандыру.
2.5.3	БӨП-де қызметтік құжаттаманы жүргізу.
2.5.4	Бекітілген аумақты бақылау.
2.5.5	Өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету.
2.5.6	БӨП-де бейнебақылау жүйелерін пайдалану.
2.5.7	Қаруланған күзет бекеттерін ұйымдастыру.

2.5.8	Орындаушы Тапсырыс берушінің нұсқауы бойынша «ҰИИД АЭА» аумағында, дайын өнімді алуға келетін жүк автомобильдерін орналастыруға арналған автотұрақтарда және тұрақ алаңдарында, «Заводская» теміржол станциясында, аса маңызды объектілерде, сондай-ақ жөндеу, құрылыс-монтаждау және өзге де жұмыстар жүргізілетін орындарда, Тапсырыс берушінің аумағында және оған іргелес аумақта, сондай-ақ қалыптасқан жедел жағдай мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігіне қарай Тапсырыс беруші айқындайтын өзге де орындарда қосымша күзет бекеттерін қоюды қамтамасыз етуге міндетті.
2.5.9	Жұмыскерлерді, келушілерді, мердігер ұйымдардың өкілдерін және көлік құралдарын тексеру іс-шараларын жүргізу.

2.6. Мобильді топтар

№	**Талап**
2.6.1	ИГХК аумағын патрульдеу.
2.6.2	Жедел әрекет ету. Дабыл сигналы түскен кезде немесе Тапсырыс берушінің нұсқауы бойынша жедел ден қоюдың мобильді тобының шығуы.
2.6.3	Қызметтік автокөліктерге стационарлық радиостанциялар орнату арқылы тұрақты радиобайланысты қамтамасыз ету.
2.6.4	Объект периметрін, қоршауларын және аумағын көзбен шолып тексеру.
2.6.5	GPS-мониторинг.
2.6.6	Автомобильдік бейнетіркегіштер.
2.6.7	Түнгі көру құрылғылары – 2 (екі) дана және дүрбілер – 2 (екі) дана.
2.6.8	Орындаушы қызмет көрсету кезеңінде пайдаланылу мерзімі 2 (екі) жылдан аспайтын, жоғары өтімділігі бар (4×4) кемінде екі қызметтік автокөлікке ие болуға міндетті.

2.6.9	Автомобильдер ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуы тиіс.
2.6.10	Істен шыққан автокөлікті 8 сағат ішінде ауыстыру үшін резервтік көлік құралының болуы.
2.6.11	Жедел ден қоюдың мобильді топтарының құрамында патрульдеу кезінде ұшқышсыз ұшу аппараттарына (ҰҰА) қарсы іс-қимыл жасауға арналған тасымалды құралдармен қамтамасыз етілген, тиісті даярлықтан өткен жұмыскерлер болуға тиіс. Аталған құралдар ҰҰА-ны анықтауға, сүйемелдеуге, сондай-ақ олардың басқару және навигация арналарын жабдықтың техникалық сипаттамаларында көзделген шектерде және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып радиоэлектрондық басуға арналған. Көрсетілген құралдарды пайдалана отырып патрульдеу бекітілген маршруттар бойынша, сондай-ақ күзетілетін объектінің аумағындағы және оған тікелей жақын жерлердегі ҰҰА-ны рұқсатсыз пайдалану тәуекелі жоғары орындарда жүзеге асырылады.

2.7. Өткізу режимі

№	**Талап**
2.7.1	Тапсырыс беруші белгілеген өткізу режимінің сақталуын қамтамасыз ету.
2.7.2	Кіру құқығын беретін құжаттарды тексеру.
2.7.3	Жұмыскерлердің, келушілердің және мердігер ұйымдардың өкілдерінің өтуін бақылау.
2.7.4	Автокөлік құралдарының кіруі мен шығуын бақылау.
2.7.5	Тиісті түрде рәсімделген құжаттар негізінде материалдық құндылықтардың әкелінуі мен әкетілуін бақылау.
2.7.6	Рұқсатсыз қолжетімділіктің алдын алу.
2.7.7	Өткізу режимі талаптарының бұзылуы туралы Тапсырыс берушіні хабардар ету.
2.7.8	Есепке алуды қағаз және электрондық форматта жүргізу.

2.7.9	Келушілер мен көлік құралдарын тіркеу.
2.7.10	Қолжетімділікті бақылау және басқарудың электрондық жүйелерін (ҚББЖ) пайдалану.
2.7.11	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру талаптарына сәйкес металл түрлерін ажырата алатын стационарлық және қолмен тексеру құралдарын пайдалану.
2.7.12	Бейнебақылау жүйелерін пайдалану.
2.7.13	Бұзушылықтарды фотофиксациялау.

2.8. Объектішілік режим

№	**Талап**
2.8.1	ИГХК аумағында белгіленген объектішілік режимнің сақталуын бақылау.
2.8.2	Объектіде болудың белгіленген тәртібін бұзудың алдын алу және жолын кесу.
2.8.3	Бөтен адамдарды анықтау.
2.8.4	Қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау. Иесіз қалған, күмәнді заттарды және көлік құралдарын анықтап, кейіннен Тапсырыс берушіні хабардар ету және бекітілген әрекет ету алгоритмдерін орындау.
2.8.5	Объектішілік режим бұзылған жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу хабардар ету.
2.8.6	Күзет қызметкерлерінің құзыреті шегінде еңбек қорғау, өнеркәсіптік, өрт және терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау.
2.8.7	Тапсырыс беруші өкілдерімен бірлесіп аумақты аралауға қатысу.

2.8.8	Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін кабинеттердің, үй-жайлардың, қоймалардың, контейнерлердің, қақпалардың, терезелердің және рұқсатсыз кіруі мүмкін өзге де орындардың жабылуын бақылау.
2.8.9	Тапсырыс берушінің талабы бойынша келушілерді объект аумағында алып жүру.
2.8.10	Күзетілетін объектілерде және іргелес аумақта анықталған құрылыстар, объектілер және үшінші тұлғалар жүргізіп жатқан жұмыстар туралы дереу хабарлау.

2.9. Патрульдеу

№	Талап
2.9.1	Патрульдеу бекітілген маршруттар (маршруттық парақтар) бойынша жүзеге асырылады.
2.9.2	Объектінің қоршаулары мен периметрінің тұтастығын бақылау.
2.9.3	Ғимараттарды, құрылыстарды, аумақты және инфрақұрылым объектілерін тексеру.
2.9.4	Рұқсатсыз кіру белгілерін және құқыққа қарсы әрекеттер жасауға дайындық белгілерін анықтау.
2.9.5	Күзеттің инженерлік-техникалық құралдарының жай-күйін күнделікті тексеру.
2.9.6	Патрульдеу барысында анықталған бұзушылықтар мен оқиғалар туралы дереу хабарлау.
2.9.7	ИГХК периметрін күнделікті айналып шығу, теміржол инфрақұрылымын, «Заводская» станциясын, «ҰИМТ АЭА» аумағын, автотұрақ аймақтарын, өндірістік және әкімшілік объектілерді бақылау.
2.9.8	Маршруттарды, бақылау нүктелерінен өту уақытын және айналып өту нәтижелерін тіркей отырып, айналып өтулерді электрондық бақылауды (тіркеуді) қамтамасыз ету.

2.9.9	Бейнетіркегіштерді - бейнежетондарды пайдалану (бейнемұрағат деректерін кемінде 3 ай сақтау арқылы). Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы көрсетілген кезең бойынша бейнемұрағаттан жүктемені ұсынуға міндетті.
2.9.10	Қажет болған жағдайда мобильді бақылау құралдарын пайдалану.
2.9.11	Тапсырыс берушінің талабы бойынша немесе дабыл сигналы түскен кезде жоспардан тыс (таңдамалы) айналып өтулер жүргізу.

2.10. Әрекет ету тәртібі

№	**Талап**
2.10.1	Оқиға, құқық бұзушылық, төтенше жағдай немесе террористік сипаттағы қауіп туралы ақпарат түскен кезде дереу әрекет ету шараларын қабылдау.
2.10.2	Ұшқышсыз ұшу аппараты анықталған жағдайда күзет қызметкерлері Тапсырыс берушімен келісілген әрекет ету алгоритміне сәйкес іс-қимыл жасап, Тапсырыс берушінің жауапты тұлғаларын уақтылы хабардар етуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде қолда бар техникалық құралдарды қолдана отырып қауіпке қарсы іс-қимыл жасауға міндетті.
2.10.3	Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерін дереу хабардар ету.
2.10.4	Қажет болған жағдайда шұғыл қызметтерді шақыру.
2.10.5	Құзыреті шегінде оқиғаның таралуын шектеу. Құзыретті қызметтер келгенге дейін оқиға орнына қолжетімділікті шектеу және жағдайдың сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау.
2.10.6	Оқиға орнының сақталуын қамтамасыз ету.
2.10.7	Оқиға нәтижелері бойынша қызметтік құжаттаманы рәсімдеу.

2.10.8	Тапсырыс берушімен келісілген әрекет ету алгоритмдерінің болуы. Террористік қатерлер, ұрлау әрекеттері, күмәнді заттарды анықтау, өрттер, аварияларжәне өзге де төтенше жағдайлар кезінде келісілген алгоритмдерге сәйкес әрекет ету.
2.10.9	Дабыл сигналы түскен кезде Тапсырыс берушінің жауапты тұлғаларын автоматты (жедел) хабардар ету.
2.10.10	Анықталған бұзушылықтарды, мүлікке келтірілген залалды және өзге де оқиғаларды фото және бейнетіркеуді жүргізіп, материалдарды Тапсырыс берушіге ұсыну.

2.11. Персоналға қойылатын талаптар

№	**Талап**
2.11.1	Міндетті кәсіптік даярлықтан өту.
2.11.2	Орындаушы 2000 жылғы 19 қазандағы «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 6-тармағы талаптарына сәйкес келмейтін тұлғаларды қызмет көрсетуге жіберуге құқылы емес.
2.11.3	Еңбекті қорғау талаптарын сақтау.
2.11.4	Қызметтік тәртіпті сақтау.
2.11.5	Тапсырыс берушінің нұсқаулықтарын білу және сақтау.
2.11.6	Іскерлік этика қағидаларын сақтау, жұмыскерлермен, келушілермен және Тапсырыс беруші өкілдерімен сыпайы қарым-қатынас жасау.
2.11.7	Күзет қызметін жүзеге асыратын Орындаушы жұмыскерлерінің сыртқы келбеті ұқыпты болуы тиіс.
2.11.8	Күзет қызметкерлерінің жасы 19 бен 63 жас аралығында болуы тиіс.
2.11.9	Құзыреті шегінде алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларына ие болуы тиіс.

2.11.10	Төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарды білуі тиіс (құзыреті шегінде).
2.11.11	Қауіпті өндірістік объектілерді күзету үшін арнайы даярлықтың болуы.
2.11.12	Орындаушы персоналдың Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі №416-I «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы талаптарына сәйкес даярлануын қамтамасыз етеді. Терроризмге қарсы жаттығулар мен нұсқамалар өткізеді.
2.11.13	Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу мәселелері бойынша даярлықтан өткенін растайтын құжаттардың болуы.
2.11.14	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі және терроризмге қарсы қорғалу мәселелері бойынша Тапсырыс берушінің кіріспе нұсқамасынан өту.
2.11.15	Супервайзер үшін орта немесе жоғары білімнің болуы.
2.11.16	Тексеру жабдықтарының операторлары үшін радиациялық қауіпсіздік бойынша даярлықтың болуы.
2.11.17	Жедел әрекет ету тобының (ГБР) жүргізушілері RoSPA қауіпсіз жүргізу бағдарламасы бойынша оқудан өткенін растайтын жарамды сертификаттарға ие болуы тиіс.

2.12. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

№	**Талап**
2.12.1	Орындаушы өз қаражаты есебінен қызметтік құжаттаманың, байланыс құралдарының, қару-жарақтың, арнайы құралдардың, бейнежетондардың, GPS-мониторингтің болуын, сондай-ақ автокөлікке, техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге, жанар-жағармай материалдарына, қосалқы бөлшектерге, күзет персоналының тұруы мен тамақтануына, персоналды жеткізуге, медициналық және ауысым алдындағы тексерулерге, жеке қорғаныс құралдарына байланысты барлық шығындарды қамтамасыз етеді.

2.12.2	Орындаушы барлық стационарлық күзет бекеттерінде орталықтандырылған бақылау пультіне («Орталық») шығарылатын дабыл түймелерінің болуын қамтамасыз етеді.
2.12.3	Қызметтердің құны Орындаушының шартты орындауға байланысты барлық шығындарын қамтиды.
2.12.4	Барлық БӨП-де және жедел ден қою топтарының автокөліктерінде медициналық дәрі қобдишаларының болуы.
2.12.5	Мобильді диспетчерлік пункттің немесе диспетчерлік мониторинг орталығының болуы.
2.12.6	Орындаушы күзетілетін аумақты патрульдеу және мониторинг жүргізу мақсатында ұшқышсыз ұшу аппаратының болуын қамтамасыз етуге міндетті.
2.12.7	Орындаушы күзетілетін аумақ пен оған іргелес аймақ шегінде ұшқышсыз ұшу аппараттарын (ҰҰА) анықтауды, сәйкестендіруді және оларды радиоэлектрондық басуды қамтамасыз ететін радиоэлектрондық күрес (РЭК) жүйесінің болуын және оның тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушы қызметтер көрсетудің бүкіл кезеңінде РЭК жүйесінің тиісті техникалық жай-күйін сақтауға, оған техникалық қызмет көрсетуге, оның жұмысқа қабілеттілігін бақылауға және қолдануға әзірлігін қамтамасыз етуге міндетті. РЭК жүйесін тікелей басқару үшін Орындаушы тиісті жабдықты пайдалануға қажетті білімі мен дағдылары бар, тиісті даярлықтан өткен персоналдың болуын қамтамасыз етуге міндетті. Мұндай персоналдың саны шарттық міндеттемелерді тиісінше орындау үшін жеткілікті болуға тиіс.
2.12.8	Орындаушы қызмет көрсету басталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде объектінің дрондарға қарсы қорғанысын ұйымдастыру және ҰҰА анықтау мен оларға қарсы әрекет ету құралдарын қолдану жөніндегі Нұсқаулықты әзірлеп, Тапсырыс берушінің келісуіне ұсынуға міндетті. Нұсқаулықта әуе кеңістігін мониторингтеу тәртібі, ҰҰА анықтау, сәйкестендіру және сүйемелдеу қағидалары, күзет персоналының әрекет ету алгоритмдері, радиоэлектрондық қарсы іс-қимыл құралдарын пайдалану тәртібі, Тапсырыс берушімен, құқық қорғау және уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі, сондай-ақ оқиғаларды құжаттау және есепке алу тәртібі қамтылуға тиіс.

2.12.9	Патрульдеу маршруттарында Орындаушы толық маршрутты бақылауға жеткілікті мөлшерде электрондық бақылау нүктелерін (RFID-, NFC-таңбалар немесе өзге де электрондық сәйкестендіргіштер) орнатуға міндетті. Тапсырыс берушіге патрульдердің ағымдағы орналасқан жерін, айналып өтудің нәтижелерін, оқиғалар мұрағатын қарау және есептер қалыптастыру мүмкіндігімен айналып өтулерді электрондық бақылау жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етуіне тәулік бойы қашықтан қолжетімділік берілуге тиіс.

2.13. Күзет қызметкерлерін жарақтандыру

№	Талап
2.13.1	Әрбір күзет қызметкері төмендегі ең төменгі жиынтықпен қамтамасыз етіледі: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы №142 бұйрығына сәйкес нысанды киіммен; жеке күзет ұйымының қызметтік куәлігімен; жарылыстан қорғалған радиобайланыс құралымен; бейнежетондармен (кеуде бейнетіркегіштерімен); қол шамымен; жеке қорғаныс құралдарымен (отқа төзімді және антистатикалық арнайы киіммен); өнеркәсіптік каскамен және сигналдық жилетпен; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда арнайы құралдармен қамтамасыз етіледі.
2.13.2	Барлық құралдар, жабдықтар және керек-жарақтар жарамды жағдайда болуы, пайдалануға жарамды болуы және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
2.13.3	Орындаушы ақаулы жабдықтарды, байланыс құралдарын, арнайы киімді және арнайы құралдарды уақытылы ауыстыруды қамтамасыз етеді.

2.14. Байланыс құралдары

№	Талап
2.14.1	Барлық күзет бекеттері мен жедел ден қою топтары арасында тәулік бойы тұрақты байланысты қамтамасыз ету.

2.14.2	Радиобайланысты, ұялы байланысты және өзге де жедел өзара іс-қимыл құралдарын пайдалану. Күзет бекеттері, мобильді топтар және Тапсырыс берушінің жауапты тұлғалары арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.
2.14.3	ИГХК аумағының барлық бөлігінде тұрақты радиоқамтуды қамтамасыз ету.
2.14.4	Заңнамада белгіленген тәртіппен рұқсат етілген бөлінген радиожиілік спектрінің болуы және пайдаланылуы.

2.15. Қару-жарақ және арнайы құралдар

№	Талап
2.15.1	Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген қызметтік қару мен арнайы құралдарды ғана пайдалану.
2.15.2	Орындаушы «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 4-тармағына сәйкес қаруды сақтау және алып жүру құқығына арналған рұқсаттардың болуын қамтамасыз етеді.
2.15.3	Қаруды сақтау, есепке алу және пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Қару немесе оқ-дәрілер жоғалған немесе ұрланған жағдайда Орындаушы бұл туралы ішкі істер органдарына дереу хабарлауға және оларды іздестіру шараларын қабылдауға міндетті.
2.15.4	Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен, 2019 жылғы 1 шілдедегі №602 бұйрықпен бекітілген азаматтық және қызметтік қару мен оған арналған патрондардың айналымы қағидалары талаптарын сақтай отырып қызметкерлерді қаруландыруды қамтамасыз етеді.
2.15.5	Арнайы құралдарды тек заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен пайдалану.
2.15.6	Орындаушыда кемінде 3 бірлік тіркелген тегіс ұңғылы қызметтік қару және оқ-дәрілер жиынтығымен кемінде 3 бірлік қызметтік қысқа ұңғылы травматикалық қару болуы тиіс.

2.15.7	Әрбір күзет қызметкері кісендермен және резеңке таяқшалармен (полицейлік дубинкалармен) қамтамасыз етілуі тиіс.
2.15.8	Жедел ден қою топтарында, орталық және жүк БӨП-де қорғаныс деңгейі 2-сыныптан төмен емес кемінде 8 бронежилет болуы тиіс.
2.15.9	Жедел ден қоюдың мобильді топтарын қаруландыру.
2.15.10	Жекелеген күзет бекеттерін қаруландыру.
2.15.11	Арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолданар алдында олар қолданылуы мүмкін тұлғаға анық және түсінікті ескерту жасалуға тиіс.
2.15.12	Қызметтік қару қолданылған барлық жағдайларда айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету шаралары қабылдануға тиіс.
2.15.13	Әрбір БӨП-де электрошок құрылғыларының (8 бірлік) болуы (заңды негіздер болған жағдайда).
2.15.14	Орталық бақылау-өткізу пункті үшін - 3 дана, жүк бақылау-өткізу пункті үшін - 2 дана және қалған бақылау-өткізу пункттері үшін - 5 дана, барлығы кемінде 10 дана металл іздегіштің болуы керек.
2.15.15	Төтенше жағдайлар, террористік актілер қаупі немесе жасалуы, криминогендік жағдайдың күрделенуі, жоғары дайындық режимдерінің енгізілуі, сондай-ақ жедел жағдайдың өзгеруіне байланысты объектіні күзетуді күшейту қажеттілігі туындаған жағдайда Орындаушы күзетке тартылған барлық персоналды бронежилеттерді, қорғаныш каскаларды, резеңке таяқшаларды, кісендерді және заңнамада көзделген өзге де арнайы құралдарды қоса алғанда, қажетті арнайы құралдармен және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушы аталған құралдардың жарамдылығын, толықтығын және қолдануға әзірлігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды пайдалануға тек заңнамада көзделген құқықтары, рұқсаттары және даярлығы бар тұлғаларды жіберуге міндетті. Қосымша жарақтандырудың негіздері, тәртібі және мерзімдері қауіп сипаты мен қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, Тапсырыс берушімен айқындалады.

2.16. Күзеттің инженерлік-техникалық құралдары

№	Талап
2.16.1	Жабдықтардың жұмысқа қабілеттілігін бақылау: бейнебақылау жүйелерінің, қолжетімділікті бақылау және басқару жүйелерінің (ҚББЖ), күзеттік және дабыл беру жүйелерінің жұмысқа қабілеттілігін көзбен шолып бақылау және анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіні хабардар ету.
2.16.2	Тапсырыс берушінің бейнебақылау жүйелерімен интеграциялау.
2.16.3	Күзет дабылы жүйесін бақылау.
2.16.4	Қолжетімділікті бақылау және басқару жүйелерін (ҚББЖ) бақылау.
2.16.5	Қажет болған жағдайда жылу бақылауын (тепловизиялық бақылауды) жүзеге асыру.
2.16.6	Тапсырыс берушінің инженерлік-техникалық күзет құралдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

2.17. Құжаттама

№	Талап
2.17.1	Ауысымдарды қабылдау-тапсыру журналын жүргізу.
2.17.2	Оқиғаларды тіркеу журналын жүргізу.
2.17.3	Айналып өту журналын жүргізу.
2.17.4	Келушілерді тіркеу журналын жүргізу.
2.17.5	БӨП-де көлік құралдарын есепке алу журналын жүргізу.
2.17.6	Өткізу режимін бұзу жағдайларын есепке алу журналын жүргізу.

2.17.7	Қару-жарақ пен арнайы құралдарды беру журналын жүргізу.
2.17.8	Жедел ден қою топтарының маршруттық парақтары.
2.17.9	Бекет ведомостарын жүргізу.
2.17.10	Құжаттаманы қағаз және электрондық форматта жүргізу.
2.17.11	Аяқталған журналдарды Тапсырыс берушінің мұрағатына тапсыру.
2.17.12	Қызметтік құжаттаманы қабылдау-тапсыру актісі бойынша Тапсырыс берушіге беру.

2.18. Есептілік

№	**Талап**
2.18.1	Орындаушы келесі ақпаратты ұсынады: объектілер күзетінің жай-күйі туралы күнделікті ақпарат; оқиғалар туралы күнделікті ақпарат (болған жағдайда), оның ішінде Орындаушының іс-қимылдары мен қабылданған шаралар туралы есеп; Тапсырыс берушінің сұратуы бойынша мәліметтер; есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей ұсынылатын ай сайынғы талдамалық есеп.
2.18.2	Өткізу және объектішілік режимдердің бұзылуы бойынша статистика.
2.18.3	Объектілер қауіпсіздігі жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.
2.18.4	Тапсырыс берушінің сұратуы бойынша фото және бейнематериалдарды ұсыну.

2.19. Қызметтердің сапасын бақылау

№	**Талап**
2.19.1	Көрсетілетін қызметтердің сапасына ішкі бақылау жүргізу.

2.19.2	Тапсырыс беруші тарапынан сапаны бақылау.
2.19.3	Анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімдерде жою.
2.19.4	Тапсырыс берушінің тексерулеріне қатысу.
2.19.5	Күзет бекеттері мен патрульдеу маршруттарына кенеттен тексерулер жүргізу.
2.19.6	Түзету іс-шараларын орындау туралы есептерді ұсыну.
2.19.7	Тапсырыс берушінің Орындаушыны алдын ала хабардар етпей жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізу құқығы.

2.20. Еңбекті қорғау

№	**Талап**
2.20.1	Персоналдың еңбек қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауы.
2.20.2	Персоналға нұсқамалар өткізу.
2.20.3	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес ұзақтығы 12 сағат болатын ауысымдармен объектілерді тәулік бойы күзетуді ұйымдастыру.
2.20.4	Ауысым алдындағы медициналық тексерулерді жүргізу.

2.21. Өнеркәсіптік қауіпсіздік

№	**Талап**
2.21.1	Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау.
2.21.2	Тапсырыс берушінің кіріспе нұсқамасынан өту.
2.21.3	Қауіпті өндірістік объектілерге жіберу тәртібін сақтау.

2.21.4	Өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша даярлықтың болуы.
2.21.5	KPI компаниясының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау.

2.22. Өрт қауіпсіздігі

№	**Талап**
2.22.1	Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау.
2.22.2	Өрт белгілері анықталған жағдайда бұл туралы дереу хабарлау.
2.22.3	Қолда бар өрт сөндіру құралдарымен өртті бастапқы сатысында сөндіру шараларын қабылдау.
2.22.4	Жұмыскерлер мен келушілерді эвакуациялауға жәрдем көрсету.
2.22.5	Күзет қызметкерлерін бастапқы өрт сөндіру құралдарын қолдануға оқыту.

2.23. Экологиялық талаптар

№	**Талап**
2.23.1	Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарын сақтау.
2.23.2	Қызметтер көрсету барысында қоршаған ортаның ластануына жол бермеу.
2.23.3	Анықталған экологиялық бұзушылықтар мен оқиғалар туралы Тапсырыс берушіні дереу хабардар ету.

2.24. Құпиялылық

№	**Талап**

2.24.1	Тапсырыс берушінің құпия ақпаратын жария етпеу.
2.24.2	Ақпаратты және дербес деректерді қорғау талаптарын сақтау.
2.24.3	Ақпаратты тек шартты орындау мақсатында пайдалану.
2.24.4	Тапсырыс берушінің келісімінсіз ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.
2.24.5	Құпиялылық жөніндегі міндеттемелер шарттың қолданылу мерзімі ішінде және ол тоқтатылғаннан кейін 5 жыл бойы сақталады.

2.25. Материалдық жауапкершілік

№	**Талап**
2.25.1	Орындаушы келесі жағдайлардың нәтижесінде келтірілген залал үшін жауапты болады: күзетте тұрған Тапсырыс берушінің тауарлық-материалдық құндылықтарының, ақша қаражатының және өзге де мүлкінің ұрлануы, бүлінуі немесе жойылуы; егер мұндай залал Орындаушының объектіні күзету жөніндегі міндеттерін тиісінше орындамауынан туындағаны анықталса; күзет қызметтерін көрсету кезінде Орындаушы жұмыскерлерінің әрекеттері немесе әрекетсіздігі нәтижесінде; объектіні күзетудің, өткізу және объектішілік режимдердің белгіленген тәртібін бұзу салдарынан Тапсырыс берушіге залал келтірілген жағдайда; сондай-ақ Орындаушының шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің мүлкі бүлінген немесе жойылған жағдайда, оның ішінде өрт салдарынан келтірілген залал үшін жауап береді.
2.25.2	Материалдық құндылықтар сақталатын қоймалар мен үй-жайларды күн сайын күзетке тапсыру Тапсырыс беруші мен Орындаушының уәкілетті өкілдерінің қатысуымен, пломба қою, мөр басу және объектілерді күзетке тапсыру журналына белгі қою арқылы жүзеге асырылады. Мұндай қоймалар мен үй-жайлардың тізбесін, сондай-ақ оларға кіруге құқығы бар материалдық жауапты тұлғаларды Тапсырыс беруші айқындайды және қол қою арқылы Орындаушыға тапсырады.

2.25.3	Ашық алаңдарда сақталатын материалдық құндылықтарды күзетке қабылдау және тапсыру Тапсырыс берушінің жауапты өкілі мен Орындаушының жауапты өкілі арасында қабылдау журналына тиісті белгі қою арқылы жүзеге асырылады. Шағын габаритті жүктер күзетке ыдыс саны бойынша, құндылығы, алып жатқан алаңы немесе орны бойынша қабылданып, мүліктің сақталуын қамтамасыз ететін байлаумен бекітіліп және пломбалануы тиіс. Сонымен қатар күзетке тапсырылатын шағын габаритті машиналар, механизмдер, өздігінен жүретін агрегаттар, көлік құралдары және оларға арналған құрылғылар қоймалық үй-жайларда (бокстарда) немесе арнайы қоршалған алаңдарда сақталуы, қақпалары (есіктері) құлыпталып, мөрленіп (пломбаланып) осы тармаққа сәйкес күзетке тапсырылуы тиіс.
2.25.4	Материалдық құндылықтар тұрақты немесе уақытша сақталатын қоймалар мен үй-жайларды, сондай-ақ ашық сақтау алаңдарын ашу және пломбаларын шешу Тапсырыс беруші мен Орындаушының жауапты өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады. Егер мұндай әрекеттер Орындаушы өкілдерінің қатысуынсыз жүргізілсе немесе объектілер Орындаушыдан күзеттен ешқандай ескертусіз қабылданса, яғни оларға кіру белгілері болмаған, пломбалар, мөрлер, құлыптар және бекіту құрылғылары бұзылмаған жағдайда, Орындаушы олардың сақталуы үшін жауапты болмайды және келтірілген залалды өтемейді.
2.25.5	Мүліктің ұрлану, бүліну немесе жойылу фактілері, өрттің туындауы немесе Тапсырыс берушіге залал келтірген өзге де оқиғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретті органдардың құжаттары, тергеп-тексеру нәтижелері және өзге де дәлелдер негізінде айқындалады.
2.25.6	Залалдың мөлшері және себеп-салдарлық байланыс комиссиялық тәртіппен немесе құзыретті органдардың құжаттары негізінде айқындалады.

2.26. Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары

№	**Талап**
2.26.1	«KPI Inc.» ЖШС-нің өткізу және объектішілік режим туралы ережесі.
2.26.2	Объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты.
2.26.3	Террористік сипаттағы қатерлер туындаған жағдайда мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жоспары.

2.26.4	Терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары.
2.26.5	«KPI Inc.» ЖШС-нің физикалық қауіпсіздік саласындағы ішкі нормативтік құжаттары.
2.26.6	«KPI Inc.» ЖШС-нің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік салаларындағы ішкі нормативтік құжаттары.

Қосымша

Приложение №1 к Технической спецификации рус..docx

Приложение №1 к Технической спецификации каз.яз.docx

Қол қойған Амиров Мухтар Ахметович

Қол қойылған күні 10.11.2026

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1261349 , Услуги охраны (УСЛУГИ ПО ОХРАНЕ ПРОИЗВОДСТВА ПРЕДПРИЯТИЯ) способом Открытый тендер

Лот № 1 (11 У, 4553792) Услуги охраны

Заказчик: Товарищество с ограниченной ответственностью "Kazakhstan Petrochemical Industries Inc." /"Казахстан Петрокемикал Индастриз Инк."/

Организатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "Kazakhstan Petrochemical Industries Inc." /" Казахстан Петрокемикал Индастриз Инк."/

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	11 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги охраны, Услуги охраны (патрулирование/охрана объектов/помещений/имущества/людей и аналогичное) на производственных объектах, включая услуги комплексной охраны производственных, административных, бытовых объектов, расположенных на единой территории охраняемой организации
Дополнительная характеристика	УСЛУГИ ПО ОХРАНЕ ПРОИЗВОДСТВА ПРЕДПРИЯТИЯ
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Атырауская область, г Атырау, трасса Атырау-Доссор, строение 295
Условия поставки	-
Срок поставки	с 01.2027 по 12.2029 (включительно)
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

на оказание услуг охраны (патрулирование/охрана объектов/помещений/имущества/людей и аналогичное) на производственных объектах, включая услуги комплексной охраны производственных, административных, бытовых объектов, расположенных на единой территории охраняемой организации

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Содержание**
Код ЕНС ТРУ	801012.000.000002

Наименование ТРУ	Услуги охраны (патрулирование/охрана объектов /помещений/имущества/людей и аналогичное) на производственных объектах
